

# Тақырыбы:

**Эпидемиялогияның құрылымы мен процесі. Эпидемиялогиялық процестің пайда болу формасы.**

**Орындаған:** Рамазан  
М.Н  
**Тексерген:**


Алматы-201

# Жоспар

1. Эпидемиология пәнінің даму тарихы
2. Эпидемиологиялық әдіс
3. Эпидемиологиялық процестің белгілері
4. Инфекциялық аурулардың берілу факторлары
5. Эпидемиялық процестің көрінуі, сипаттамасы
6. Эпидемиялық ошақ

# Эпидемиология пәнінің даму тарихы

- Ертедегі Шығыс Азия халықтары инфекциялық аурулардың мәні туралы кейбір мағлұматтардан хабардар болған. мысалы, олар алапес ауруының жұқпалы екенін білген, ондай ауруларды халық арасынан аластаған немесе ерекше алапестер қорасына қамаған. Қытайда осыдан 3 мың жылдан астам уақыт бұрын халықты шешекке егу әдісі қолданылған. Қазақстан жерінде Өтебойдақ Тілеуқабылұы деген халық емшісі шешекке егуді осыдан 500 жыл бұрын шамасында, ал Дженнерден 350 жыл бұрын жасап, іс жүзінде пайдаланып көрген.
- Инфекциялық ауруларды тірі қоздырғыштардың тудыратындығы алғаш рет Гиппократтың (біздің дәуірге дейінгі 460-372ж.) және басқа да Греция және Рим ғалым-философтарының еңбектерінде болжам ретінде айтылған. Тек қайта өркендеу дәуірінен бастап медицина ғылымы дами түсті.



# Эпидемиологиялық әдіс

- Эпидемиологиялық әдіс - инфекциялық аурулардың пайда болу себептерін, берілу механизмдерін анықтау және эпидемиологиялық жағдайды бағалауда қолданылатын әдістің жинақы.



# Эпидемиологиялық әдістердің

## КУРСЫНЫҢ

ӘДІСТЕМЕЛІК ӘДІСТЕР	Зерттеу мақсаты
<p>Эпидемиологиялық тексеру мен қадағалау а) инфекция ошағын тексеру б) аумақты барлаумен сараптау в) микробиологиялық. Серологиялық. Иммунологиялық. Паразитологиялық, энтомологиялық, санитарлық-химиялық әдістер</p>	<p>Инфекциялық аурулардың пайда болу жағдайын мен себебін анықтау: қауіп-қатердің алдыңғы себебін анықтау: эпидемиологиялық диагноз қою; аурудың этиологиясын дәлелдеу, эпидемиялық процеске қатынасатын буынақтылар түрі, кеміргіштер: аумақта инфекциялық аурулардың пайда болу мүмкіндігін, эпидемиялық жағдайды асқындырмау шараларын анықтау.</p>
<p>Аналитикалық әдістер а) оқиға – бақылау түрінде зерттеу б) когортты зерттеу (біркелкі топты зерттеу)</p>	<p>Қауіп-қатер факторларын болжап бағалау, қорытынды жасау. Эпидемиологиялық диагноз қою; қауіп-қатер факторға байланысты індетке қарсы шаралардың бағытын анықтау</p>
<p>Статистикалық әдістер</p>	<p>Сырқаттанушылық деңгейінің дұрыс дәрежесін сандық бағалау; індетке қарсы және алдын алу шараларының тиімділігін анықтау</p>
<p>Эксперименталдық әдіс</p>	<p>Болжауды дәлелдеу; індетке қарсы жұмысқа және алдын алу шараларына қолданылған жабдықтар мен әдістердің сандық тиімділігін бағалау</p>
<p>Математикалық үлгілеу</p>	<p>Эпидемиялық процестің көрінісін</p>

# Эпидемиологиялық тексеру мен бақылау.

- Инфекциялық аурулар ошағын эпидемиологиялық тексеру әдісі ең алғашқы және маңызды болып саналады. Бұл әдіс ошақтың пайда болу жағдайы мен себебін, инфекция қоздырғышының көзін. Берілу факторлары мен жолдарын, сонымен қатар жұқтыру қауіп- қатеріне ұшыраған адамдарды анықтау үшін пайдаланылады.



## Аналитикалық

эпидемиологиялық  
әдістер:

- Аналитикалық эпидемиологиялық зерттеудің мақсаты- эпидемиологиялық тексерумен қадағалау барысында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуы туралы диагностикалық болжауды бағалау үшін тексеру жүргізу.

## Эксперименталдық

эпидемиологиялық  
әдістер.

- Инфекциялық аурулар эпидемиологиясында эксперимент эпидемиялық процестің тек кейбір жақтарын зерттеуге қлоданылады, өйткені оны толық түрде жасауға болмайды.

## Математикалық үлгілеу.

- Эпидемиологиялық әдістің барлық түрлерін қолданғанда эпидемиялық процестің көрінісін байқауды математикалық үлгілеу әдісімен бірге атқаруға болады

## Статистикалық зерттеу әдістері.

- Сырқаттанушылықтың негізгі көрсеткіштері және оны есептеу әдістері. Статистикалық зерттеу әдісінің мақсаты-эпидемиологиялық жағдайды атқарылатын індетке қарсы және алдын алу шараларының тиімділігін сан арқылы бағалау.




# Эпидемиологиялық процестің белгілері

- Эпидемиялық процесс деп – инфекциялық аурулардың бірінен кейін бірі жүретін ажырамайтын тізбек, яғни ұжымдағы инфекциялық ауруардың таралуы.
- Эпидемиологиялық процестің белгілері «симптомдары» интенсивті және экстенсивті көрсеткіштер болып саналады, яғни уақыт бойынша, аумақтағы таралу бойынша және әрбір халық топтары арасында көріністері бойынша сипатталады. Статистикалық көрсеткіштер эпидемиялық процестің сандық және сапалық белгілері арқылы сипатталады.

# Эпидемиялық процестің сандық белгілері:

1. Сырқаттанушылық деңгейі (өлім-жітім, тасымалдаушылық)
2. Сырқаттанудың даму динамикасы;
3. Жыл ішінде таралуы (маусымдық жоғарылауының қарқыны)
4. Инфекцияның ошақтық көрінісі (пайда болған уақыты, ошақтардың саны, олардың даму мезгілдері, бір немесе көп науқасты болып бөлінуі) міндетті



# Эпидемиялық процестің сапалық белгілері:

1. Аумақтар бойынша (әлем, мемлекет деңгейі немесе жеке аймағы, республика, облыс, аудан)
2. Қала және ауыл тұрғындары арасы бойынша;
3. Әр түрлі жас топтары бойынша;
4. Жынысына қарай;
5. Әр түрлі кәсіптік топтар бойынша (жұмыс орнында науқастардың саны, ұйымдастырылған балалар мемкемелерінде)

# Эпидемиялық процесс үш звенодан тұрады




# Инфекциялық аурулардың берілу факторлары

- Берілу факторлары-қоздырғыштық бір организмнен екіншісіне тасылуын қамтамасыз ететін сыртқы орта объектілері және буынаяқтылар. Берілу факторларына жатады; ауа, тағамдар, су, топырақ, үй жабдықтары мен өндіріс құралдары және буынаяқтылар. Су арқылы-егер су арқылы инфекциялық аурулардың қоздырғыштарымен ластанған болса, инфекцияның су арқылы таралуына мүмкіндік туады. Оларға: ашық су қоймаларының сулары, қалдық сулармен, жаңбыр сулары, қардың еріген суларымен малдарды суарудан болуы мүмкін. Инфекциялық аурулардың су арқылы таралуы ластанған суды ішкенде, ыдыстарды қолданғанда, кір жуғанда болуы мүмкін. Су арқылы көбіне ішек инфекциялары таралады, мысалы, тырысқақ, іш сүзегі, дизентерия, вирусты А, Е гепатит.

- Тағам арқылы инфекциялық аурулардың таралуы да өте жиі кездеседі;
- сүт және сүт өнімдері (қаймақ, ірімшік, балмұздақ) жұмыртқа
- ет және ет өнімдері
- жеміс -жидектер
- нан, ұн тағамдары.
- Тамақ өнімдерінде ішек инфекцияларының қоздырғыштары көпке дейін сақталып қана қоймай, онда көбеюі де мүмкін, сондықтан ауру өте ауыр немесе орташа ауыр түрінде өтеді, аурудың инкубациялық кезеңі қысқа болады.

## Пути передачи инфекции



# Тамақ өнімдері.

- Инфекциялық аурулардың қоздырғыштарымен бастапқыда және кейіннен ластануы мүмкін.
- **Бастапқыдан ластану** – ауру малдың сүті, еті, жұмыртқасы арқылы таралады. Мысалы: туберкулез, бруцеллез, сальмонеллез, күйдіргі.
- **Кейіннен ластану** ауру адамның лас қолы арқылы немесе ластанған ыдыс арқылы. Кейіннен ластану тамақ өнімдерін өңдеу, тасымалдау, сақтау, тарату барысында болуы мүмкін.
- Тұрмыстық заттармен-қоздырғышпен ластанған қол арқылы және түрлі тұрмыста қолданылатын заттар арқылы жұғуы мүмкін. Тікелей жанасу-арқылы тері венерологиялық аурулары, қотыр және кейбір зоонозды инфекциялар таралады.

- **Ауа – тамшылы** жолмен инфекциялық аурулардың қоздырғыштары түшкіру, жөтелу, сөйлесу, тыныс шығару арқылы таралады. Ауа шаң арқылы қоршаған ортада төзімді қоздырғыштар таралады, өйткені тамшылар түрлі заттардың үстінде кеуіп шаңмен таралады. Еден сыпырғанда төсек ауыстырғанда, киім қаққанда шаңдар көтеріліп тыныс алу жолдарына түседі. Ауа шаң арқылы туберкулез, дифтерия, туляремия, аурулары таралады.
- **Топырақ арқылы** көбіне ішек құрт аурулары таралады. Олар 2 жолмен таралады.
- нәжіс-> топырақ-> жеміс-> жидек-> адам
- нәжіс-> топырақ-> ашық сулар-> адам



Инфекциялық аурулардың жіктелу түрлері, сипаттамасы Қазіргі кезде 250-ден артық инфекциялық аурулардың нозологиялық түрлері белгілі. Олардың қоздырғыштары әртүрлі түрлермен топтарға жататын микроорганизмдер

*Инфекциялық ауруларды тудыратын қоздырғыштар топтары*

Қоздырғыш топтары	Қоздырғыштардың топтары	Ауру топтары
<i>Вирустар</i>	Вирустар	Инфекциялар
<i>Прокариоттар</i>	Микоплазмалар	Кандидоз
	Хламидийлар	Хламидоз
	Риккетсиялар	Бөртпе сүзегі
	Бактериялар	Іш сүзегі
<i>Эукариоттар</i>	Спирохеттер	Мерез
	Саңырауқұлақтар	Инвазиялар
	Қарапайымдылар	Микоздар
	Гельминттер	Протозооздар
	Буынаяқтылар	Гельминтоздар
		Инфестициялар

Л.В.Громашевский бойынша қоздырғыштардың организмде тәндік орналасуы және беоілу механизмі топтастырудың негізін құрайды, соған сәйкес игфекциялық аурулар бес топқа бөлінеді.

1. ішек инфекциялары
2. тыныс жолдар инфекциялары
3. қан инфекциялары
4. сыртқы қабат инфекциялары
5. әртүрлі механизмдермен берілетін инфекциялар

И.И.Елкиннің топтастыруына сәйкес инфекциялық аурулар лкиннің топтастыруына сәйкес инфекциялық аурулар топқа бөлінеді 3 топқа бөлінеді: 🗨️+

- Антропоноздар тек адамдарға тән аурулар
- Зооноздар хайуанаттарға тән аурулар
- Антропозооноздар адамға да, хайуанат топтарына да бейімделген аурулар.

# Инфекциялық аурулардың экологиялық эпидемиологиялық жіктелуі

Инфекциялық аурулар

Инфекция топтары

Қоздырғыш қоры

Таралатын аурулар

Ішек

Іш сүзегі, тырысқақ, А,  
Е вирусты гепатиті,

Қызылша, қызамық,  
дифтерия

Антропоноздар

Респираторлы

Адам

Қан

Бөртпе сүзегі, безгек,  
қайталама сүзек

Сыртқы қабат

Мерез, қышыма

Зооноздар

Үй және синантропты  
хайуанаттар

Хайуанат

Бруцеллез, аусыл,  
қызба, орнитоз

Жабайы хайуанаттар

Хайуанат

Туляремия, құтыру,  
оба, Ласса қызбасы

Сапроноздар

Топырақтық

Топырақ

Клостридоз,  
актиномикоз,

Сулы

Су

Легионеллез,  
тырысқақ, мелиоидоз

Сапрозооноздар

Сыртқы орта  
хайуанаттары

Күйдіргі, лептоспироз,  
иерсиниоз, листериоз

**Инфекциялық ауруларды эпидемиологиялық топтастыру  
(Б.ЛЧеркасский 1993)**

Вирустар	Бактериялар	Протозойлар	Микоздар	Гельминтоздар
1	2	3	4	5
<b>Антропоноздар (ішек инфекциялары):</b>				
Гепатит А	Парасүзектер	Амебиаз	Африкалық гистоплазмоз	Аскаридоз
Гепатит Е	Іш сүзегі	Лямблиоз		Гименолепидоз
Норволк инфекциясы	Шигеллездер			Дракункулез
Ротавирус инфекциясы	Зонне дизентериясы			Трихоцефалез
Энтеровирус инфекциясы (Коксаки)	Флекснер дизентериясы Эшерихозды тырысқақ			Энтеробиоз
Полиомиелит				

# Тыныс алу жолдары инфекциялары

Тұмау

Дифтерия

Акантамебты

Менингит

Аденовирусты инфекция

Гемофилус

Пневмоцистоз

Герпес инфекциясы

Инфлюэнца инф

Реовирусты инфек

Стрептококк инф

Риновирусты инфе

Көкжөтел

Қызылша

Алапес

Мононуклеоз инф

Респираторлық

Парагрипп

микоплазмоз

Эпидемиялық

Респираторлық хламидиоз

## Қан инфекциясы

Гепатит В ГепатитG

Бүргелермен  
берілетін

Масалармен  
берілетін безгек

Шыбындармен  
берілетін лоаз

Гепатит С  
ГепатитF2

Бартонеллез

Гепатит Д Гепатит  
ТТ V

Битпен берілетін

Масалармен  
берілетін

Цитомегаловирусты  
инф

Окопты қызба

Вирусты сүйелдер

Қайталама  
бөртпе сүзгек

Бругиоз

Москиттермен  
берілетін

Бөртпе сүзгек

Вухерериоз

# Сыртқы қабат инфекциялары

Гепатит В	Беджель	Үнді висцералды лейшманиозы	Актиномикоз	Анкилостомидоз
Гепатит С	Гонорея		Кандидоз	Онхоцеркоз
Гепатит Д	Донованоз		Антропонозды микроскопия	Стронгилоидоз
АИТВ инфекциясы	Стафилококк инфекциясы	Тері лейшманиозы		Шистосомоздар
Цитомегаловирусты инфекция	Мерез		Антропонозды трихофития	
Вирусты сүйелдер	Трахома		Эпидермофития	
	Хламидиоз			
	Зер шығару жыныстық	Трихомониоз		
	Шанкроид			



## Зооноздар (ішек инфекциялар):

Ласса қызбасы	Ботулизм	Балантидиоз	Альвеококоз
	Бруцеллез		Ангиостронгилиоз
	Ішек иерсиниозы		Апизокиоз
	Хламидия инф		Дифиллоботриоз
	Кампилобактериоз		Ішек капилляриозы
	Лептоспироздар	Криптоспаридоз	Өкпе капилляриозы
Аусыл	Листерия	Токсоплазмоз	Бүйрек капилляриозы
	Мелиойдоз		Клонорхоз
	Некробациллез		Описторхоздар
	Жалғанту беркулез		Тениаринхоз
	Сальмонеллездер		Тениоз

# Эпидемиялық процестің көрінуі, сипаттамасы

- Эпидемиялық процестің ішкі реттелу заңдылықтары, яғни қоздырғышпен ие арасындағы әрекеттестік түрлі сыртқы көріністермен сипатталады. Оған тікелей ішкі реттелу механизмдерінің ықпалымен қатар әлеуметтік — табиғи факторлардың әсері мол болады, эпидемиялық процестің қосымша қозғаушысы болып табылады.
- Эпидемиялық процестің осы қырына Л.В. Громашевский көп көңіл бөлген, ол табиғи және әлеуметтік факторларды эпидемиялық процестің қосымша қозғаушы күштері деп санаған. Эпидемиялық процестің даму барысы табиғи және әлеуметтік құбылыстардың әсерінен сандық және сапалық жағынан өзгереді.

# Эпидемиялық процестің көрінуі:

Эндемиялық сырқаттанушылық

Экзотикалық сырқаттанушылық

## Кең мағынадағы эпидемиялық сырқаттанушылық:

Спорадия

Пандемия

Эпидемия

# Эпидемиялық ошақ

- Эпидемиялық ошақ — бұл инфекция көзі орналасқан орын және оның маңайындағы аумақ. Осы шектелген аумақта нақты жағдайда науқас адамнан сау адамға қоздырғыш берілуі мүмкін. Эпидемиялық ошақ эпидемиялық процестің бір бөлшегі болып келеді және де эпидемиялық процестің таралуын бөгейтін орта болып табылады. Эпидемиялық ошақ жанұялық, өндірістік немесе мекемелік болуы мүмкін. Инфекциялық ауру бір адамнан екінші адамға жұғып отырса, инфекция айлап, жылдап жалғасын тауып отырады, таралу жолын таппаса тоқтап қалады.







- **Өршу** — шектелген аумақта, жеке ұжымда немесе ұжымдардағы топтарда бір мезгілде адамдардың науқастануы.
- **Эпидемия** — инфекциялық аурулардың бүкіл халық, үлкен аймақ, қала, аудан ішінде жаппай науқастануы.
- **Пандемия** — инфекциялық аурудың жаппай, елден елге таралуы.



- Экзотикалық сырқаттанушылық — деп қоздырғышты басқа жерден әкелгенде, осы жерге тән емес аурудың пайда болуын айтады.

- Эндемиялық сырқаттанушылық деп табиғи және әлеуметтік жағдайға байланысты осы жерде тұрақты қалыптасқан ауруларды айтады. Эндемиялық аурулар бір белгілі аймақта таралған, сол аймақтың әлеуметтік табиғи жағдайына тән инфекциялық аурулар. Мысалы: белгілі аймақтың табиғатында кенелер өмір сүрсе, сол жерде кене энцефалиті аурулары таралады.





**Назарларыңызға  
рахмет!**